Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Жасыл даму" акционерлік қоғамы
Ұйымдастырушының атауы:	"Жасыл даму" акционерлік қоғамы
Конкурстың №:	№ 17943234-1
Конкурстың атауы:	Қостанай облысы Денисов ауданы Некрасовка ауылында орналасқан қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі қызметтер
Лоттың нөмірі:	№ 88476795-ОК1
Лоттың атауы	Қауіпті қалдықтар/мүлік/материалдар шығару бойынша қызмет көрсетулер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	382229.000.000000
Қызметтің атауы:	Қауіпті қалдықтар/мүлік/материалдар шығару бойынша қызмет көрсетулер
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	16584052
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	16584052
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Қызмет көрсету мерзімі	шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн өткеннен кейін 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін

Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	Өнім беруші келесі нормативтік актілерге сәйкес қызмет көрсетеді: Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексі; «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңы; «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 93-III ҚРЗ Заңы; «Иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 373 бұйрығы; «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы; «Энергетикалық кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 275 бұйрығы; «Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму Министрінің м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығы; «Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін қоспағанда, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму Министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 329 бұйрығы; ҚР СТ 3699-2020 «Өндіріс және тұтыну қалдықтары. Технологиялық циклдің барлық кезеңдеріндегі қалдықтарды басқару иерархиясы»; Қостанай облысы Денисов аудандық сотының 2019 жылғы 12 тамыздағы шешімі (№ 3940-19-00-2/204 іс); иесіз қауіпті қалдықтарды республикалық меншікке беру туралы 2020 жылғы 29 мамырдағы акт. Қауіпті қалдықтардың атауы және саны: техникалық ерекшелікке қосымшаға сәйкес. Тапсырма: 2019 жылғы 12 тамыздағы Қостанай облысы Денисов аудандық сотының шешімімен (№ 3940-19-00-2/204 іс) және иесіз қауіпті қалдықтарды республикалық меншікке беру туралы 2020 жылғы 29 мамырдағы актімен республикалық меншікке берілген Қостанай облысы Денисов ауданы Некрасовка ауылында орналасқан, осы техникалық ерекшеліктің қосымшасына сәйкес саны 75 (жетпіс бес) дана БҰҰ сертификатталған металл бөшкелерге оралған және саны 20 (жиырма) дана поддондарға орналастырылған, сондай-ақ 2 (екі) биг-бэгтегі агрохимиялық қалдықтарды (бұдан әрі – қауіпті қалдықтар) кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі қызметтер көрсету: 1. Қауіпті қалдықтарды тиеу, қауіпті қалдықтардың орналасқан орнынан

	кәдеге жарату және (немесе) жою орнына дейін тасымалдау. 2. Қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату және (немесе) жою орнында түсіру. 3. Қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату және (немесе) жою. Тапсырыс беруші аумақтық уәкілетті органның (келісім бойынша) және Өнім берушінің өкілдерімен бірлесіп шығуды жүзеге асырады: 1) қауіпті қалдықтар орналасқан жерге кәдеге жарату және (немесе) жою жөнінде қызметтер көрсету басталғанға дейін қауіпті қалдықтарды Өнім берушіге беру үшін; 2) Өнім берушінің жабдығында (қондырғысында) және (немесе) полигонында қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату және (немесе) жою кезеңдерінің бірінде болу үшін; 3) қауіпті қалдықтарды әкету аяқталғаннан кейін қауіпті қалдықтардың бұрынғы орналасқан жеріне – қауіпті қалдықтардың болуын немесе болмауын көзбен шолып қарау үшін. Өнім беруші жоғарыда көрсетілген нормативтік актілерге сәйкес қызмет көрсетуі тиіс. Өнім беруші жоғарыда көрсетілген қызметтерді көрсету кезінде, сондай-ақ төтенше және авариялық жағдайлар туындаған жағдайда экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Өнім беруші қалдықтарды қауіпсіз өңдеуге жауапты болады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтайды. Өнім беруші персоналды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес барлық қажетті жеке қорғану құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз етеді. Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығындарды өнім беруші көтереді. Қалдықтардың орналасқан орны: Некрасовка ауылы, Денисов ауданы, Қостанай облысы. Қызмет көрсету мерзімі: көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн өткен соң. Қызмет көрсету қорытындысы бойынша: Өнім беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталында бірінші басшы немесе бірінші басшының міндетін уақытша атқарушы тұлға қол қойған және ұйымның мөрімен куәландырылған, осы техникалық ерекшелікте көзделген орындалған міндеттерді сипаттай отырып, қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі көрсетілген қызметтер туралы тігілген және нөмірленген есептің сканерленген көшірмесін қоса бере отырып, көрсетілген қызметтер актісін жібереді. Қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі көрсетілген қызметтер туралы есепте растайтын құжаттар, оның ішінде: 1) қауіпті қалдықтарды қызмет көрсету орнынан кәдеге жарату және (немесе) жою орнына дейін тиеуді, тасымалдауды, кәдеге жарату және (немесе) жою орнындағы қауіпті қалдықтарды түсіруді, қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату және (немесе) жою процесін растайтын фотоматериалдар; 2) 1, 6 және 7-сыныптардағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті

	жүктердің тізбесінің 19-тармағына сәйкес қауіпті қалдықтарды тасымалдауды растайтын құжаттар; 3) қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратуды және (немесе) жоюды растайтын құжаттар. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын өнім беруші қағаз жеткізгіште екі данада, сондай-ақ электрондық түрде USB-жинақтағышта Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 11/5 ғимарат, 8 тұрғын емес үй-жай, 407 кабинет, «Жасыл даму»АҚ мекенжайы бойынша ұсынады. ТС ҚОСЫМШАСЫН ҚАРАҢЫЗ
Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	Әлеуетті өнім берушіге оны жеңімпаз айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда қойылатын талаптар: Өнім беруші көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады: 1. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексінің 337-бабының 1-тармағына сәйкес қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талон. 2. Қалдықтармен жұмыс істеу объектісі үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын қоса бере отырып, қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат немесе эмиссиялар нормативтерінің жобасын және қалдықтармен жұмыс істеу объектісі үшін қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасын қоса бере отырып, әсер етуге экологиялық рұқсат. 3. «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 93-III Заңының 5-бабына және Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық Кодексінің 129-бабының 2-тармағына сәйкес міндетті экологиялық сақтандыру полисі.

Приложение 16
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Акционерное общество "Жасыл даму"
Наименование организатора	Акционерное общество "Жасыл даму"
№ конкурса:	№ 17943234-1
Наименование конкурса:	Услуги по утилизации и (или) удалению опасных отходов расположенных в с. Некрасовка Денисовского района Костанайской области
Номер лота:	№ 88476795-ОК1
Наименование лота:	Услуги по удалению опасных отходов/имущества/материалов
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	382229.000.000000
Наименование услуги:	Услуги по удалению опасных отходов/имущества/материалов
Единица измерения:	Одна услуга
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	16584052
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	16584052
Срок оказания услуги:	по истечению 15 календарных дней с даты заключения договора по 31 декабря 2027 года
Размер авансового платежа* *:	0 %
Гарантийный срок (в месяцах)	12

Описание требуемых характеристик, параметров и иных исходных данных	Поставщик оказывает услуги в соотвествии со следующими нормативными актами: Экологический Кодекс Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 400-VI ЗРК; Закон Республики Казахстан от 1 июля 2024 года № 106-VIII ЗРК «О государственных закупках»; Закон Республики Казахстан от 13 декабря 2005 года № 93-III «Об обязательном экологическом страховании»; приказ Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 14 сентября 2021 года № 373 «Об утверждении Правил управления бесхозяйными отходами»; приказ и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 25 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-331/2020 «Об утверждении Санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к сбору, использованию, применению, обезвреживанию, транспортировке, хранению и захоронению отходов производства и потребления»»; приказ Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 30 июля 2021 года № 275 «Об утверждении Перечня отходов, не подлежащих энергетической утилизации»; приказ и.о. Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 17 апреля 2015 года № 460 «Об утверждении Правил перевозки опасных грузов автомобильным транспортом и перечня опасных грузов, допускаемых к перевозке автотранспортными средствами на территории Республики Казахстан»; приказ и.о. Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 26 марта 2015 года № 329 «Об утверждении Правил организации и проведения обязательного технического осмотра механических транспортных средств и прицепов к ним, периодичность прохождения обязательного технического осмотра механических транспортных средств и прицепов к ним, за исключением механических транспортных средств и прицепов к ним Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований»; СТ РК 3699-2020 «Отходы производства и потребления. Иерархия управления отходами на всех этапах технологического цикла»; решение суда Денисовского районного суда Костанайской области от 12 августа 2019 года (дело № 3940-19-00-2/204); акт о передаче бесхозяйных опасных отходов в республиканскую собственность от 29 мая 2020 года. Наименование и количество опасных отходов: согласно приложению к технической спецификации. Задача: Оказать услуги по утилизации и (или) удалению агрохимических отходов, упакованных в ООН-сертифицированные металлические бочки в количестве 75 (семьдесят пять) штук, размещенных на 20 (двадцать) поддонах, а также 2 (два) биг-бэга, согласно приложению к настоящей технической спецификации, расположенных в с. Некрасовка Денисовского района Костанайской области, переданных в республиканскую собственность решением Денисовского районного суда Костанайской области от 12 августа 2019 года (дело № 3940-19-00-2/204) и актом о передаче бесхозяйных опасных отходов в республиканскую собственность от 29 мая 2020 года: 1. Погрузка опасных отходов, транспортировка с места размещения опасных отходов до места

	утилизации и (или) удаления. 2. Разгрузка опасных отходов на месте утилизации и (или) удаления. 3. Утилизация и (или) удаление опасных отходов. Заказчик совместно с представителями территориального уполномоченного органа (по согласованию) и Поставщика осуществляют выезд: 1) до начала оказания услуг по утилизации и (или) удалению на место нахождения опасных отходов для передачи опасных отходов Поставщику; 2) для присутствия на одном из этапов утилизации и (или) удаления опасных отходов на оборудовании (установке) и (или) полигоне Поставщика; 3) по завершению вывоза опасных отходов к месту прежнего места нахождения опасных отходов – для визуального осмотра на предмет наличия или отсутствия опасных отходов. Поставщик должен оказать услуги в соответствии с вышеуказанными нормативными актами. Поставщик обеспечивает соблюдение требований экологической, санитарно-эпидемиологической, промышленной и пожарной безопасности, охраны труда и техники безопасности при оказании вышеуказанных услуг, а также в случае возникновения чрезвычайных и аварийных ситуаций. Поставщик несет ответственность за обеспечение надлежащего управления отходами и обязан соблюдать требования действующего законодательства Республики Казахстан. Поставщик обеспечивает персонал всеми необходимыми средствами индивидуальной защиты (СИЗ) в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан. Все расходы, связанные с оказанием услуг, несет Поставщик. Место размещения отходов: с. Некрасовка, Денисовский район, Костанайская область. Срок оказания услуг: по истечению 60 (шестьдесят) календарных дней со дня подписания договора о государственных закупках услуг. По итогам оказания услуг предоставляются: Поставщиком на веб-портале государственных закупок направляется акт оказанных услуг с приложением сканированной копии прошитого и пронумерованного отчета об оказанных услугах по утилизации и (или) удалении опасных отходов с описанием выполненных задач, предусмотренных настоящей технической спецификацией, подписанного первым руководителем или лицом, временно исполняющим обязанности первого руководителя, и заверенного печатью организации. Отчет об оказанных услугах по утилизации и (или) удалении опасных отходов должен содержать подтверждающие документы, в том числе: 1) фотоматериалы, подтверждающие погрузку, транспортировку опасных отходов с места оказания услуг до места утилизации и (или) удаления, разгрузку опасных отходов на месте утилизации и (или) удаления, процесс утилизации и (или) удаления опасных отходов; 2) специальное разрешение на перевозку опасного груза классов 1, 6 и 7. Документы, подтверждающие транспортировку опасных отходов согласно пункту 19 Правил перевозки опасных грузов автомобильным транспортом и перечня опасных грузов, допускаемых к перевозке автотранспортными средствами на территории Республики Казахстан, утвержденных приказом и.о. Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 17 апреля 2015 года № 460; 3) документы, подтверждающие утилизацию

	и (или) удаление опасных отходов. Оригиналы вышеуказанных документов предоставляются поставщиком на бумажном носителе в двух экземплярах, а также в электронном виде на USB-накопителе по адресу: город Астана, проспект Кабанбай батыра, здание 11/5, нежилое помещение 8, кабинет 407, АО «Жасыл даму». ПОСМОТРИТЕ ПРИЛОЖЕНИЕ К ТС.
Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках (указываются при необходимости) (Отклонение потенциального поставщика за не указание и непредставление указанных сведений не допускается)	Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках: Поставщик в течение 15 календарных дней с даты подписания договора о договора о государственных закупках услуг предосталвяет следующие докмуенты Заказчику: 1. Талон о приеме уведомления о начале или прекращении деятельности в соответствии с пунктом 1 статьи 337 Экологического кодекса Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 400-VI ЗРК. 2. Разрешение на эмиссии в окружающую среду с приложением заключения государственной экологической экспертизы для объекта обращения с отходами или экологическое разрешение на воздействие с приложением проекта нормативов эмиссий и проекта программы управления отходами для объекта обращения с отходами. 3. Страховой полис обязательного экологического страхования в соответствии со статьей 5 Закона Республики Казахстан от 13 декабря 2005 года № 93-III «Об обязательном экологическом страховании» и пунктом 2 статьи 129 Экологического кодекса Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 400-VI ЗРК.